

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 166 "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 83 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 7139-07 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 54 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.03.2025 № 54 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" 2012 жылғы 11 қыркүйектегі №166 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3097 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

бекітілген діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2."Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Н. Турегалиев

қаулысына қосымша

2012 жылғы 11 қыркүйектегі

№166 Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің қаулысымен

бекітілген

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы

№	Арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы
1	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Фрунзе көшесі, 49, "Оптимa" кітап дүкені
2	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 153 үй, 66 үй-жай, "Книги" кітап дүкені
3	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 150 үй, 100 үй-жай, "Книжник" кітап дүкені
4	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Абай даңғылы, 105 үй, 13 үй-жай
5	Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Молодежная көшесі, 13, "Жарсуат" сауда үйі
6	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Абай даңғылы, 104 м, "Muslimstore07" дүкені
7	Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Д.Қонаев көшесі, 64, "Жарқын" сауда орталығы, 24 үй-жай